



Президент

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысына Ұлттық банктің былтыр жүзеге асырған ақша-кредит саясатының қорытындысы туралы есебі мен 2025 жылға арналған монетарлық реттеу жоспары баяндалды.

Президентке Қазақстан экономикасы мен қаржы жүйесінің ахуалы, іскерлік белсенділік, инфляция факторлары, сондай-ақ бағаны тұрақтандыру және инфляция деңгейін ортамерзімді мақсатқа сәйкес 5 пайызға жеткізу үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2024 жылдың қорытындысы бойынша инфляция Ұлттық банктің болжаған шегінде қалыптасқаны, яғни 8,6% пайызды құрағаны айтылды. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, сыртқы инфляциялық қысым күшейіп, ішкі инфляциялық төуекелдер әлі де сақталып отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Ұлттық қордың активтері, алтын-валюта резервтері және Бірыңғай



жинақтаушы зейнетақы қорының жай-күйі жөнінде ақпаратты тыңдады. Атап айтқанда, 2024 жылы Ұлттық қор активтерін басқарудан түскен табыс 7,5 пайызға артып, 4,5 миллиард долларды құраған. Ал Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері 45,8 миллиард долларға жетіп, 27,4 пайызға ұлғайған. БЖЗҚ-ның

зейнетақы активтерін басқарудан түскен инвестициялық табыс 3,4 триллион теңгені құрады. Ал кіріс көрсеткіші инфляциядан екі есе асып түсіп, 17,8 пайызға жетті.

Президентке валюта нарығындағы жағдай таныстырылып, теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылып жатқан шаралар ту-

ралы баяндалды.

Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов банк секторындағы жағдайдың тұрақтылығы, депозиттер базасының қалыпты өсімінің жалғасуы, сондай-ақ қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары мен макропруденциялық саясаттың тиімділігін арттыру жоспары жөнінде айтты.

Ұлттық банк төрағасы Президентке Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын дамыту нәтижелері мен Антифрод-орталығының қызметін таныстырды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы инфляцияны тежеп, қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк пен Үкімет макроэкономикалық саясатты үйлесімді жүргізуі қажет екенін атап өтіп, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

egemen.kz

Изенділік чемпиондар

Бәрекемді!



Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінде "Қайсар" спорт клубының ұйымдастыруымен бокстан кіші жасөспірімдер арасында халықаралық турнир өтті. Бұл турнирге әр ауыл-аймақтар мен қалалардан, сондай-ақ Қырғызстан елінен келген 250-ге жуық жас спортшы қатысты. Төрт күнге созылған байрақты бәсекеде 25 команда ойын көрсетіп, өз бақтарын сынады.

Бұл спорттық жарыс өскелең ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау, ұлтымыздың арқа сүйер нағыз патриоттарын тәрбиелеу, сондай-ақ турнирге қатысушы спортшылардың шеберліктерін шыңдап, олардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту мақсатында өткізілді.

Ауданның намысын қорғауға Нұра ауданының Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бапкері Н.Б.Базылов өзінің изенділік бес шәкіртімен және бапкер Ж.А. Имашев өзінің екі шәкіртімен қатысып, өте жақсы нәтиже көрсетті.

Шаршы алаңда шеберлік танытып, жеңіске деген жігерін шыңдаған өрендер жүлдегер атанып, жеңіске жетті. Турнирдің әр күні тартысқа толы болды. Шаршы алаңға көтеріліп, қолғап түйістірген жасөспірімдер бокс өнерінің қыры мен сырын мықтап меңгеріп келе жатқандықтарын аңғартты. Алаң иелері жерлес жанкүйерлерін қуанышқа кенелтті. Өзге де өңірлердің жасөспірім боксшылары жеңіске деген жігерін таныта білді.

Сондай-ақ, бапкер Н.Б. Базылов өзінің екі шәкіртімен Теміртау қаласында бокстан ашық бірінші-

лікке де қатысып келді. Шәкірттері Жантөре Мұратов пен Дархан Өмірзақ сенімін ақтап, әрқайсысы екі қарсыластан жеңіп, турнир жеңімпаздары атанды.

- Қазір, жас спортшыларымыздың сапасы да, саны да өсіп келеді. Жыл сайын көршілес мемлекеттерден қатысушылар келіп қосылуға. Осындай жарыстардың арқасында жас спортшыларымыз өседі, өнеді. Біздің артар үмітіміз зор. Енді басты мақсатымыз әлі де облыс, Қазақстан чемпионаттарында топ жару, - деді бапкер Н.Б.Базылов.

жалғасы 2-бетте

ОБЩЕСТВО

Какие меры принимает Казахстан для защиты детей



Треть населения страны составляют дети. В Казахстане проживает 6,8 млн детей, что составляет треть от всего населения. В Минпросвещения рассказали, какие законодательные меры усиливает государство для их защиты.

Так, по итогам 2024 года приняты три ключевых закона по укреплению правовой базы и введены действенные механизмы для защиты наших маленьких граждан.

Важной инициативой принятого закона по вопросу образования и наставничества стало создание института наставников, для адаптации в обществе детей, оставшихся без попечения родителей. На сегодня более 330 детей получают необходимую поддержку.

продолжение на стр. 2